

2009 жылғы 27 қаңтардағы № 1 "Есенкөл ауылдық округі елді мекендердің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Есенкөл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 31 қазанда № 6678 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, Қостанай облыстық мәслихатының 2016 жылғы 27 маусымдағы № 38 шешіміне және "Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" бірлескен Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 4 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 19 шілдеде № 6547 болып тіркелген) сәйкес, Есенкөл ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Есенкөл ауылдық округі елді мекендердің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы" Есенкөл ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 27 қаңтардағы № 1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-96 тіркелген, 2009 жылғы 20 ақпанда "Айна" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

2-тармақ алып тасталсын, 1-тармақ келесі мазмұнда 14), 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) Озерный көшесі;

15) Целинный көшесі."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Есенкөл ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

А. Сағынбек